

**М.Өтемісов атындағы Батыс
Қазақстан университеті**
Ғылыми кеңесінің
№3 ХАТТАМАСЫ
28 қараша 2025 ж.

**Западно-Казахстанский
университет им. М.Утемисова**
заседание ученого совета
ПРОТОКОЛ №3
28 ноября 2025 г.

Өткен орны: 205-мәжіліс залы

Кеңес төрағасы – Н.Х.Серғалиев

Ғылыми хатшы - А.С. Ниетова

Қатысқандар: ғылыми кеңестің 19 мүшесі

Қатыспағандар: ғылыми кеңестің 2 мүшесі (себепті)

Шақырылғандар: бөлім жетекшілері, білім беру бағдарламаларының жетекшілері, кафедра меңгерушілері

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Мамандыққа жол: 2025 жылғы түлектердің жұмыспен қамтылуы туралы. *О.Б. Бисенғалиева - мансап және жұмысқа орналастыру орталығы жетекшісінің м.а.*
2. Оқу үдерісін оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің мониторингі мен талдауы туралы. *Д.Ш. Телагисова - құзіреттілік орталығының жетекшісі*
3. Ағымдағы мәселелер
 - 3.1. 2025-2026 оқу жылында ғылыми – педагогикалық бағыттағы магистратура түлектерінің магистрлік диссертацияларына ресми рецензеттердің кандидатурасын бекіту туралы. *М.Ғ.Кәкішев - ғылым және жоғары оқу орнынан кейінгі дайындық бөлімінің жетекшісі*
 - 3.2. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің докторантура бойынша оқу үрдісін ұйымдастыру тәртібін бекіту туралы. *М.Ғ.Кәкішев - ғылым және жоғары оқу орнынан кейінгі дайындық бөлімінің жетекшісі*
 - 3.3. 6В01402 «Дене шынықтыру және спорт» БББ 4-курс студенті А.М. Ақдаuletованың оқу ақысына жеңілдік беру туралы. *Г.А. Ергалиева – педагогика факультетінің деканы*

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мансап және жұмысқа орналастыру орталығы жетекшісінің м.а. О.Б. Бисенғалиеваның мамандыққа жол: 2025 жылғы түлектердің жұмыспен қамтылуы туралы есебі тыңдалды (есеп мәтіні тіркелді).

Кеңес төрағасы Н.Х. Серғалиев – «Атамекен» ҚР ҰКП-ның білім беру бағдарламаларының рейтингіне біз түлектердің жұмысқа орналасуы жайлы анықтама тапсырдық па, олар түлектердің жұмыспен қамтылу деңгейін қалай анықтайды?

Сапа және аккредиттеу бөлімінің жетекшісі А.А. Кульжумиева - «Атамекен» рейтингіне қатысқанда біз тек түлектердің тізімін береміз қалғанын олар өз базасы арқылы қарайды.

Кеңес төрағасы Н.Х. Серғалиев – біз де осы «Атамекен» сияқты базаларға неге қол жеткізе алмаймыз?

Академиялық қызмет департаментінің директоры А.Б. Тлесова – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне осы базаны пайдалануға рұқсат беруін сұрап хат жаздық, бірақ әлі жауап келмеді.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Кеңес төрағасы Н.Х. Серғалиев түлектерден жұмысқа орналасуы жайлы анықтама жинау арқылы алған мәліметтердің жеткіліксіз екенін, олардың нақты жұмысқа орналасу көрсеткішін анықтауды зейнетақы қоры арқылы тексеру үшін қалай болғанда да осы базаларға қол жетімділікті қамтамасыз ету керектігін стратегиялық даму және инновация департаменті мен академиялық қызмет департаменттерінің директорларына тапсырып, олай болмаған жағдайда түлектердің жұмысқа орналасуы жайлы университет пен министрліктің мәліметтері сәйкес келмейтінін атап көрсетіп, түлектердің жұмысқа орналасуына көмектесіп, оларды алға жылжыту үшін HR-агенттіктер мен рекрутинг ұйымдарымен келісімшарт жасап, түлектеріміздің жұмысқа орналасуына көмектесетіндей шаралар ұйымдастыруды және осы жұмысты ұйымдастыруды қаулы жобасына қосу жайлы ұсыныс жасап, қаулы жобасына қатысты кеңес мүшелерінің басқалай алып-қосар пікірі болмаса, дауысқа салуды ұсынды.

Ғылыми кеңес мүшелері рекрутинг ұйымдарымен келісімшарт жасап, түлектеріміздің жұмысқа орналасуына көмектесетіндей шаралар ұйымдастыруды қаулы жобасына қосу жайлы ұсынысты ескере отырып, қаулы жобасын талдап, дауысқа салып бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

1. Білім алушылардың практикалық даярлығының сапасын арттыру және оқу мен өндіріс арасындағы байланыстарды нығайту мақсатында дуалды оқытуды қамтамасыз ететін практика өту базаларымен келісімшарттарды кеңейту жұмыстары күшейтілсін.

Жауаптылар: декандар, білім беру бағдарламалары жетекшілері/кафедра меңгерушілері, мансап және жұмысқа орналастыру орталығының жетекшісі

Мерзімі: қаңтар 2026 жыл

Аяқталу түрі: практика өткізу мен дуалды оқыту бойынша екі жақты келісімшарттар, бекітілген сабақ кестелері

2. Деканат тарапынан түлектерді қолдау мақсатында «Апгрейд» орталығы аясында шаралардың (жұмыс берушілердің нақты сұраныстары негізінде түлектерге бағытталған дағдыларды дамыту бағдарламаларын бейімдеу, қосымша дағдылар мен құзіреттіліктер қалыптастыратын оқыту семинар-

ларын өткізу, кездесулер, көрмелер, дөңгелек үстелдер т.б.) өткізілуі қадағалансын.

Жауаптылар: факультет декандары, құзіреттілік орталығы, мансап және жұмысқа орналастыру орталығы

Мерзімі: жыл бойына

Аяқталу түрі: өткізілген оқыту семинарлары, кездесулер т.б.

3. Факультеттер тарапынан білім беру бағдарламалары түлектерінің жұмысқа орналасуына тұрақты түрде мониторинг жасалсын.

Жауаптылар: факультет декандары, білім беру бағдарламаларының жетекшілері

Мерзімі: жыл бойына

Аяқталу түрі: жұмыс орнынан растайтын құжаттардың көшірмелері, факультеттің мониторинг жөніндегі есебі

4. Университет түлектерін жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу үшін кәсіби рекрутинг ұйымы жұмысқа тартылсын.

Жауаптылар: мансап және жұмысқа орналастыру орталығының жетекшісі, факультет декандары, академиялық қызмет департаментінің директоры

Мерзімі: мамыр 2026 жыл

Аяқталу түрі: рекрутинг ұйымымен жасалған келісімшарт, оқыту семинарлары, кездесулер

5. Осы қаулының орындалуын қадағалау академиялық мәселелер бойынша проректор Г.С.Кайсағалиеваға жүктелсін.

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша құзіреттілік орталығының жетекшісі Д.Ш.Телагисованың оқу үдерісін оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің мониторингі мен талдауы туралы ақпараты тыңдалды (ақпарат мәтіні тіркелді).

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Кеңес төрағасы Н.Х. Серғалиев оқу әдебиеттері басылымы жоспарының орындалмауы біріншіден, дұрыс жоспарланбаудан, екіншіден, дұрыс тәртіптің жоқтығынан екенін атап көрсетіп, жоспарланған басылымның орындалуы қажеттігін баса ескертіп, факультет декандары мен академиялық мәселелер бойынша проректорға ғылыми кітапханамен бірлесе отырып, басылымға ұсынылып отырған оқу әдебиеттерінің осы білім беру бағдарламасына қаншалықты қажеттігін анықтауды, егер білім беру бағдарламасында бұл сипаттағы оқу әдебиеттер жеткілікті болса, қай бағытта жетіспесе сол салада оқу басылымын дайындауды жоспарлау керектігін айтып, келесі ғылыми кеңеске нақты ұсыныс пен жоспар беруді тапсырды.

Ғылыми кеңес мүшелері ұсынысты талдап, ақпаратты негізге алуды дауысқа салып бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

Ақпарат негізге алынсын.

Ағымдағы мәселелер

ТЫҢДАЛДЫ:

Ғылым және жоғары оқу орнынан кейінгі дайындық бөлімінің жетекшісі М.Ғ.Кәкішев ғылыми кеңес мүшелерін 2025-2026 оқу жылында ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратураны қысқы бітіруші түлектердің магистрлік диссертацияларына ұсынылып отырған ресми рецензеттердің кандидатурасымен таныстырып, олардың факультеттерде талданып ұсынылғанына, талапқа сай келетіндеріне тоқтала келе бекітуді сұрады (тізімі тіркелді).

Ғылыми кеңес мүшелері магистратураны қысқы бітіруші түлектердің магистрлік диссертацияларына ұсынылып отырған ресми рецензеттердің кандидатурасымен алдын ала танысқандарын айтып, оларды бекіту туралы ұсынысты талдап, дауысқа салып бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

2025-2026 оқу жылында ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратураны қысқы бітіруші түлектерінің магистрлік диссертацияларына ресми рецензет ретінде төмендегі кандидатуралар бекітілсін:

7M01307 «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» (ғылыми-педагогикалық бағыт, қазақ бөлімі)

1. Мухамбетжанова Жаңылсын Тұрарбекқызы – Кусаинова Дина Жаксығалиевна – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Батыс Қазақстан инновациялық – технологиялық университеті шет тілдері және аударма ісі кафедрасының меңгерушісі (мамандық шифры: 13.00.02. – оқыту мен тәрбиелеу теориясы мен әдістемесі (бастауыш, орта, жоғары білім жүйесіндегі қазақ тілі; жоғары базалық білімі – орыс тілі мен әдебиеті, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі)
2. Мухашева Арайлым Гарифоллиевна – Кусаинова Дина Жаксығалиевна – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Батыс Қазақстан инновациялық – технологиялық университеті шет тілдері және аударма ісі кафедрасының меңгерушісі (мамандық шифры: 13.00.02. – оқыту мен тәрбиелеу теориясы мен әдістемесі (бастауыш, орта, жоғары білім жүйесіндегі қазақ тілі; жоғары базалық білімі – орыс тілі мен әдебиеті, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі)
3. Ихсанова Айдана Бериковна – Джонисова Гульжиян Кабдолғалиевна – педагогика ғылымдарының кандидаты, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, педагогика және психология кафедрасының доценті (мамандық шифры: 13.00.01. – жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы, этнопедагогика, жоғары базалық білімі – педагогика және психология).

7M01404 «Музыкалық білім» (ғылыми-педагогикалық бағыт, қазақ бөлімі)

4. Стамғазы Акнур Ерлановна – Тоқтаған Айтолқын Айтжанқызы – философия докторы (PhD), К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті домбыра кафедрасының оқытушысы (мамандық шифры: 6D040100 – музыкатану; жоғары базалық білімі – 5B040400 - дәстүрлі музыка өнері)
5. Жұбанова Құндыз Мақсотқызы – Тоқтаған Айтолқын Айтжанқызы – философия докторы (PhD), К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті, домбыра кафедрасының оқытушысы (мамандық шифры: 6D040100 – музыкатану; жоғары базалық білімі – 5B040400 дәстүрлі музыка өнері).
7M01504 «Физика» (ғылыми-педагогикалық бағыт, қазақ бөлімі)
6. Анесова Гүлсезім Қанатқалиқызы – Бапиев Идеят Мэлсович – философия докторы (PhD), Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, ақпараттық технологиялар жоғары мектебінің жетекшісі, доцент м.а. (мамандық шифры: 6D070300 - ақпараттық жүйелер, техника және технология, жоғары базалық білімі – физика, информатика есептеуіш техника мұғалімі)
7. Жакипова Нұрлы Енесейқызы – Бапиев Идеят Мэлсович – философия докторы (PhD), Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, ақпараттық технологиялар жоғары мектебінің жетекшісі, доцент м.а. (мамандық шифры: 6D070300 - ақпараттық жүйелер, техника және технология, жоғары базалық білімі – физика, информатика есептеуіш техника мұғалімі)
8. Фатхоллина Жанерке Манарбекқызы – Бапиев Идеят Мэлсович – философия докторы (PhD), Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, ақпараттық технологиялар жоғары мектебінің жетекшісі, доцент м.а. (мамандық шифры: 6D070300 - ақпараттық жүйелер, техника және технология, жоғары базалық білімі – физика, информатика есептеуіш техника мұғалімі)
7M01709 «Шетел тілі: екі шет тілі» (бейіндік бағыт, ағылшын бөлімі)
9. Шашкова Валерия Сергеевна – Ахметова Гүльнар Сагынбаевна – философия докторы (PhD), аға оқытушы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (8D01719 - Шетел тілі: екі шетел тілі; жоғары базалық білімі - 050119 Шетел тілі: екі шетел тілі).
7M11102 «Мәдени-тынығу жұмысы» (ғылыми-педагогикалық бағыт, қазақ бөлімі)
10. Саулебаев Сұлтанғали Талғатұлы – Арымбаева Кулимхан Маликовна – педагогика ғылымдарының кандидаты, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің профессоры (мамандық шифры: 13.00.05 мәдени-ағарту қызметінің теориясы, әдістемесі және ұйымдастыруы, жоғары базалық білімі - мәдени-ағарту жұмысы).

ТЫҢДАЛДЫ:

Ғылым және жоғары оқу орнынан кейінгі дайындық бөлімінің жетекшісі М.Ғ.Кәкішев ғылыми кеңес мүшелерін М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің докторантура бойынша оқу үрдісін ұйымдастыру тәртібімен таныстырып, оның тиісті бөлім жетекшілері, проректорлар, заңгермен келісілгеніне тоқтала келе, аталған тәртіпті бекітуді сұрады (мәтіні тіркелді).

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Қ.М.Ахмеденов аталған тәртіптің Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы, Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» заңы, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы, Қазақстан Республикасының Жоғары білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бұйрығымен бекітілген ғылыми дәрежелер мен атақтар беру ережелері, ҚР БҒМ нормативтік-құқықтық актілері негізінде жасалғанын, танысу үшін факультеттер мен ғылыми кеңес мүшелеріне алдын ала таратылғанын айтып, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің докторантура бойынша оқу үрдісін ұйымдастыру тәртібін бекітуді қолдайтынын білдірді.

Ғылыми кеңес мүшелері М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің докторантура бойынша оқу үрдісін ұйымдастыру тәртібімен алдын ала танысқандарын айтып, ұсынып, дауысқа салып бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің докторантура бойынша оқу үрдісін ұйымдастыру тәртібі бекітілсін.

ТЫҢДАЛДЫ:

Педагогика факультетінің деканы Г.А. Ергалиева ғылыми кеңес мүшелерінен 6В01402 «Дене шынықтыру және спорт» БББ 4-курс студенті Ақдаветова Алия Максұтовнадан әкесінің қайтыс болуына (10.10.2025 ж.), анасының мүгедектігі мен жұмыссыздығына, әлеуметтік жағдайының төмендігіне байланысты оқу ақысына жеңілдік беру туралы басқарма төрағасы-ректордың атына өтініш түскенін айтып, отбасының жағдайын ескеріп аталған студенттің оқу ақысына жеңілдік беруге рұқсат сұрады (құжаттары тіркелді).

Ғылыми кеңес мүшелері аталған студенттің құжаттарымен алдын-ала танысқандарын айтып, оның оқу ақысына жеңілдік беру жөніндегі мәселені мақұлдап, М.Өтемісов атындағы БҚУ коммерциялық емес акционерлік қоға-

мы басқармасының қарауына жіберуді ұсынып, дауысқа салып бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

6B01402 «Дене шынықтыру және спорт» БББ 4-курс студенті Акдавлетова Алия Максұтовнаның оқу ақысына жеңілдік беру жөніндегі мәселе мақұлданып, М.Өтемісов атындағы БҚУ коммерциялық емес акционерлік қоғамы басқармасының қарауына жіберілсін.

Кеңес төрағасы:



Н.Х.Серғалиев

Ғылыми хатшы:



А.С.Ниетова

**М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті ғылыми кеңесінің
2025 – 2026 оқу жылындағы**

қатысу парағы

28.11.2025 ж.

№	Аты-жөні	Лауазымы	Қатысуы
1.	Серғалиев Нұрлан Хабиболлаұлы	басқарма төрағасы-ректор	
2.	Рысбеков Тұяқбай Зейітұлы	тарих ғылымдарының докторы, академик	
3.	Қайсағалиева Гүлжахан Смайылқызы	академиялық мәселелер бойынша проректор	
4.	Ахмеденов Қажымұрат Мақсотұлы	ҒЖ және ХБ жөніндегі проректор	
5.	Сүлейменов Мерген Қуанышұлы	ТЖ және ӘМ жөніндегі проректор	
6.	Бекжанова Жадыра Мұратқызы	БҚО білім басқармасы мектеп бөлімінің басшысы	
7.	Хусаинов Мерғали Серғазыұлы	ардагерлер кеңесінің төрағасы	
8.	Ниетова Айгүл Серікқызы	ғылыми хатшы	
9.	Қажиахметов Салауат Абайұлы	кәсіподақ ұйымының төрағасы	
10.	Есенғалиева Алмагүл Нәсіпқалиқызы	физика-математика факультеті деканының м.а.	
11.	Тұрғымбаев Ақан Асқарұлы	жаратылыстану-география факультетінің деканы	
12.	Ерғалиева Гүлжан Алғазықызы	педагогика факультетінің деканы	
13.	Қажымова Қарлығаш Рахымқызы	мәдениет және өнер факультетінің деканы	
14.	Ақболатов Айдарбек Ахметұлы	филология факультетінің деканы	
15.	Испулова Роза Нәбиқызы	педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент	
16.	Искакова Балым Габбасқызы	экономика ғылымдарының кандидаты, доцент	
17.	Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы	педагогика ғылымдарының докторы, профессор	
18.	Кульжумиева Айман Амангелдіқызы	физика-математика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент)	
19.	Сагидуллаев Дарын Зайнуллаұлы	БҚУ жас ғалымдар кеңесінің төрағасы	
20.	Ибатова Айнара Айтқалиқызы	музыкалық білім беру бағдарламасы- ның 1-курс магистранты	
21.	Нұрболат Нұржол Ерланұлы	физика-математика факультетінің 3-курс студенті, студенттік ректор	